

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №32 жалпы білім беретін мектебі» КММ

«Speak free» ағылшын тілі үйірмесінің 2025-2026 жылдың жылдық есебі

Жетекшісі : Валихан А.С. .

Жалпы мәлімет: үйірме 1 топтан, 12 баладан тұрады. Ағылшын тілі үйірмесінің негізгі мақсаттары мынадай бағыттарды қамтиды:

- Тілдік құзыреттілікті дамыту: оқушылардың сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын қалыптастырып, сөздік қорын байыту.
- Коммуникативтік қабілетті арттыру: еркін сөйлеуге баулу, тілдік кедергілерді (барьерлерді) жою және күнделікті өмірде ағылшын тілін еркін қолдануға үйрету.
- Танымдық және мәдени деңгейді көтеру: ағылшын тілді елдердің мәдениетімен, салт-дәстүрімен және әдебиетімен таныстыру арқылы оқушының дүниетанымын кеңейту.
- Пәнге деген қызығушылықты ояту: ойын, жарыс, ән айту арқылы тіл үйрену үдерісін қызықты әрі жеңіл ету.
- Өздігінен ізденуге баулу: ақпаратты ағылшын тілінде іздеп табу және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Орындалған жұмыс: Бастапқыда оқушылардың ағылшын тілінің деңгейін анықтайтын тесттер алынды, 12 оқушының арасында оқи алмайтын, жаза алмайтын және оқи алатын, жаза алатын бірақ ағылшын тілінде сөйлей алмайтын оқушылар анықталды. Алынған тесттердің нәтижесіне сай қосымша оқулықтар таңдалды, оқушылар тіл меңгеру деңгейі бойынша 3 топқа бөлініп, жұмыс басталып кетті.

Екінші жарты жылдықта оқушылардың айтылым және тыңдалым дағдыларын арттыруға бағыттылған жұмыстар жүргізілді. Оқушылар өздерін қызықтыратын тақырыптарды таңдап, сол тақырыптарға диалогтар құруға тырысты. Үйірмелер апталығында оқушылар жұпқа бөлініп өз диалогтарын жатқа айтты.

Ағылшын тілін үйрену барысында оқушылар жасанды интеллект көмегімен ұйымдастырылған тапсырмаларды орындауды үйренді.

Қорытынды: 2025-2026 оқу жылында үйірме жұмысы жоспарға сай орындалды. Ағылшын тілі үйірмесіне қатысу арқылы оқушылар пәннен білімін арттырды, тоқсандық бағалары жоғарылады. Айтылым және тыңдалым дағдыларын арттырып, оқушылар тек мәтін оқып қана қоймай, өзара ағылшын тілінде шағын диалогтар құра алу деңгейіне жетті.



